

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Қазақ тілі
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Ұяң дауыссыз дыбыстарды табыңыз.

- A) а, о, ы
- B) б, д, з
- C) н, й, р
- D) ш, қ, т
- E) я, ю е

2. Антоним бола алмайтын сөз.

- A) алыс, жақын
- B) дос, дұшпан
- C) қою, сұйық
- D) булы, ылғал
- E) сенім, күдік

3. Қатаң дауыссыз дыбысты табыңыз.

- A) д
- B) п
- C) р
- D) ь
- E) н

4. Күрделі етістіктен жасалған баяндауышты табыңыз.

- A) Ол тіс жарып ештеңе айтпады.
- B) Ол уәде берді.
- C) Сағат шырылдады.
- D) Отыра беру маған жараспас.
- E) Айтып қойғанын білгенмін.

5. Сөйлем құрауға негіз болатын сөйлем мүшелерін табыңыз.

- A) есім сөздер
- B) бастауыш, баяндауыш
- C) толықтауыш, пысықтауыш
- D) одағай, шылау
- E) анықтауыш, қыстырма сөз

6. Тарихи сөздер дегеніміз

- A) тілдегі сөздік қор
- B) белгілі кәсіпке байланысты сөздер
- C) қоғамдағы тарихи оқиғалармен байланысты жиі қолданылатын сөздер
- D) заттар мен құбылыстардың атаулары
- E) белгілі бір тарихи дәуірде қолданылған сөздер

7. Жалғаудың қызметін анықтаңыз.

- A) сөйлемді өзгертеді
- B) жалғанған сөзге үстеме мағына береді
- C) жаңа сөз жасайды
- D) сөзді түрлендіреді
- E) сөз бен сөзді байланыстырады

8. Тәуелдік жалғаудың II жағында сыпайы түрде тұрған сөзді көрсетіңіз.

- A) уақыт
- B) ауылданбыз
- C) апайың
- D) жолдасы
- E) дәптеріңіз

9. Салалас құрмалас сөйлемді табыңыз.

- A) Бақытта баян жоқ; ол да бір ұшқан құс.
- B) Биіктен кетсең, құлау бар.
- C) Өзі де, қасындағылар да шаршады.
- D) Кімді айтсаң, сол келеді.
- E) Жалқау үйге де, түзге де қонбайды.

10. Құрмалас сөйлемге тән белгілердің бірін көрсетіңіз.

- A) тиянақталған бір ғана ойды білдіреді
- B) негізгі материалы – сөз тіркесі
- C) компоненттерге ортақ бірнеше бастауыштың болуы
- D) компоненттерге ортақ бір баяндауыштың болуы
- E) компоненттердің дербес бастауыштары мен баяндауыштардың болуы

11. Диалог жағдайында жиі кездесетін жай сөйлем түрін табыңыз.

- A) толымды
- B) жалаң
- C) атаулы
- D) толымсыз
- E) жақты

12. Септеулік шылау арқылы байланысқан сөздерді табыңыз.

- A) мұражайға саяхат
- B) әр уақытта
- C) бас киім
- D) бұдан әрі жоқ
- E) бал арасы

13. Туынды сан есімді табыңыз.

- A) бір, он, миллион
- B) екеу, алтыншы, мыңдаған
- C) қырық екі, жүз елу, алпыс бес
- D) үш-төрт, бес-алты, оннан-бір
- E) бір бүтін үш, мың жарым, елу шақты

14. Септелген есімшені табыңыз.

- A) оқығаным
- B) оқығанмын
- C) оқығаннан
- D) оқыған
- E) оқығанбыз

15. Екі сөз арасындағы ілгерінді ықпалды табыңыз.

- A) еңбек түбі
- B) қара ала
- C) жаңбыр
- D) Сенбек
- E) өте көп

16. Күрделі мезгіл пысықтауышты табыңыз.

- A) Талапты ерге нұр жауар.
- B) Қар қалыңдай бастапты.
- C) Жаз бойы қара жұмыс істедім.
- D) Білсем екен демек – ақылдының ісі.
- E) Бар-жоғы белгісіз.

17. Мақал болу үшін қажетті басты шартты көрсетіңіз.

- A) қорытынды
- B) салауатты ой
- C) тәжірибе
- D) ұйқас
- E) жұмбақ ой

18. Еліктеу сөзден жасалған етістікті көрсетіңіз.

- A) әндетті
- B) сартылдады
- C) қыстады
- D) топырлатты
- E) айқайлады

19. Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелердің соңынан келгенде қойылатын тыныс белгісі.

- A) дефис
- B) қос нүкте
- C) үтір
- D) сызықша
- E) нүкте

20. Зат есімнің сөйлемде атқаратын негізгі қызметтері

- A) анықтауыш, пысықтауыш
- B) бастауыш, баяндауыш
- C) бастауыш, толықтауыш
- D) толықтауыш, пысықтауыш
- E) анықтауыш, толықтауыш

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
Қазақ әдебиеті
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Көне түрік мифологиясындағы орта дүние құдайы:

- A) Зевс
- B) Ұмай ана
- C) Жер-су
- D) Эрклиг
- E) Тәңір

2. Көне түркі мифологиясының тұтас жүйе болып сақталмау себебі:

- A) Қытай ұлттық діні енуіне байланысты
- B) Үндінің кришна діні енуіне байланысты
- C) Будда діні енуіне байланысты
- D) Христиан діні енуіне байланысты
- E) Ислам діні енуіне байланысты

3. Ханға қарсы тұру үшін түн ұйқысын бөлген жырау:

- A) Қазтуған
- B) Үмбетей
- C) Шалкиіз
- D) Доспамбет
- E) Жиёмбет

4. Мәшһүр сөзінің мағынасы

- A) Батыр
- B) Әйгілі
- C) Ақылды
- D) Оқымысты
- E) Атақты

5. Дала дауылпазы Сәкенге арналған шығарма

- A) «Өмір мектебі»
- B) «Ине ұшындағы өмір»
- C) «Болуы мүмкін бақыт»
- D) «Өліара»
- E) «Кездеспей кеткен бір бейне»

6. М. Әуезовтің табиғат пен адам байланысын суреттейтін шығармасы

- A) «Қаралы сұлу»
- B) «Қараш-қараш ойғасы»
- C) «Көксерек»
- D) «Қилы заман»
- E) «Жетім»

7. Махамбет өлеңдері жинағын құрастырып, зерттеу мақалалар жазған профессор

- A) Ф. Рязанов
- B) М. Әуезов
- C) Қ. Жұмалиев
- D) Ә. Қоңыратбаев
- E) И. Жолдыбаев

8. Сақтық, ұят, рақым, ар, арамдық, надандық туралы айтылған Шәкәрімнің өлеңі

- A) «Жаз келер»
- B) «Ашу мен ынсап»
- C) «Бай мен қонақ»
- D) «Дүние мен өмір»
- E) «Мінеу мен күндеу»

9. І. Жансүгіровтің табиғаттағы бір сәтті суреттейтін туындысы

- A) «Жетісуда су суреті»
- B) «Тау суреті»
- C) «Ағынды менің Ақсуым»
- D) «Жетісу суреттері»
- E) «Саптыаяқ»

10. Есім ханның жорық жырауы:

- A) Үмбетей
- B) Шалкиіз
- C) Марғасқа
- D) Доспамбет
- E) Жиёмбет

11. С. Мұқановтың «Сұлушаш» поэмасында көтерілген мәселе

- A) Жер дауы
- B) Ғашықтық мәселесі
- C) Әйел теңсіздігі
- D) Жастардың бас бостандығы
- E) Жесір дауы

12. Шұғаның соңғы хатын Әбдірахманға табыстаған

- A) Маржанбике
- B) Базарбай
- C) Күнзипа
- D) Ыбырай
- E) Зәйкүл

13. I. Жансүгіровтің туған жері

- A) Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы
- B) Талдықорған облысы, Ақсу ауданы
- C) Қостанай облысы, Тобыл ауданы
- D) Семей облысы, Абай ауданы
- E) Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы

14. Ә. Кекілбаевтың «Үркер» романы басталуы

- A) Әбілхайырдың Ресеймен жақындасу туралы шешімі
- B) Әбілхайыр ханның орыс еліне жіберген елшісінен хабар күтуі
- C) Әбілхайырдың ел мен жер тұтастығы туралы ойы
- D) Әбілхайырдың жарқын күнді күтуі
- E) Әбілхайырдың өз ортасында хандық тұғырын нығайту ойы

15. Көне түрік мифологиясындағы жер беті түсінігі

- A) Төрт жағынан шектеулі төрт бұрышты
- B) Домалақ шар тәрізді
- C) Үш жағынан шектеулі үш бұрышты
- D) Сағым тәрізді шектеусіз
- E) Жұмыртқа тәрізді сопақша

16. «Асыл сөзді іздесең,

Абайды оқы ерінбе.

Адамдықты көздесең,

Жат тоқып ал көңілге» деп жырлаған ақын

- A) Ш. Құдайбердиев
- B) М. Дулатов
- C) Б. Майлин
- D) А. Байтұрсынов
- E) С. Торайғыров

17. «Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарар» мәтелі кездесетін туынды

- A) «Қорқыт ата кітабы»
- B) «Диуани лұғат ат-түрік»
- C) «Кодекс куманикус»
- D) «Құдатғу білік»
- E) «Оғызнама»

18. Ы.Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңімен үндескен М.Дулатовтың өлеңі
- A) «Қазақ жерлері»
 - B) «Пасық байларға»
 - C) «Һүнерменен хасыл болған нәрселер»
 - D) «Сайлаулар хақында»
 - E) «Шәкірт»
19. Фольклористика ғылымы зерттейді
- A) Ежелгі дәуір әдебиетін
 - B) Қазіргі заман әдебиетін
 - C) Халық ауыз әдебиетін
 - D) Көне түркі әдебиетін
 - E) Жыраулар поэзиясын
20. Қазақтың мақал-мәтелдері мен жұмбақтарының ел арасынан жиналуы, хатқа түсуі, баспа бетіне шығуы
- A) XIX ғасырдың бірінші жартысы
 - B) XIX ғасырдың екінші жартысы
 - C) XX ғасырдың екінші жартысы
 - D) XVIII ғасырдың екінші жартысы
 - E) XX ғасырдың бірінші жартысы

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. С. Көбеевтің еңбектері

- A) «Үлгілі ата-ана»
- B) «Үлгілі бала»
- C) «Үлгілі мұғалім»
- D) «Үлгілі оқушы»
- E) «Үлгілі тәржіме»
- F) «Үлгілі ұстаз»

22. Жұмбақтарға тән ерекшелік

- A) Жұмбаққа алынатын нәрселерді атқаратын қызметіне қарап көрсетуінде
- B) Аз сөзбен көп мағына бергендігінде
- C) Тапқырлыққа құрылуында
- D) Айтайын деген ойды анық етіп беруінде
- E) Мағынасы жақын заттарды парлап, қосарлап айтуында
- F) Негізгі ойдың астастырылып айтылуында

23. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ ертегілерінің жиналып, хатқа түсуіне үлес қосқан зерттеуші ғалымдар

- A) І. Жансүгіров
- B) Ш. Уалиханов
- C) Г. Н. Потанин
- D) С. Мұқанов
- E) Ә. Диваев
- F) А. Құнанбаев

24. «Аяз би» ертегісінің кейіпкерлері

- A) Мадан хан
- B) Меңді қыз
- C) Қорқыт
- D) Алшыораз
- E) Жаман
- F) Қодар

25. Толғауда қарастырылатын мәселелер:

- A) Өмір мен өлім
- B) Маңызды қоғамдық мәселелер
- C) Тарихи мәселелер
- D) Әлеуметтік-тұрмыстық
- E) Өмір мен табиғат құбылыстары
- F) Халықтар достығы
- G) Иmandылық пен парасаттылық
- H) Иmandылық пен адамгершілік

26. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы кейіпкерлер

- A) Жақыпбек
- B) Мамырбай
- C) Сейтен
- D) Қара мұрт
- E) Сапар
- F) Темір
- G) Ақбілек

27. С. Көбеевтің әңгімелері

- A) «Әке мен бала»
- B) «Аю мен бөрене»
- C) «Жаман жолдас»
- D) «Шал мен балалар»
- E) «Балалар мен ғалым»
- F) «Асыл шөп»

28. Лириканың тақырыптары:

- A) Саяси
- B) Адамгершілік
- C) Махаббат
- D) Иmandылық
- E) Табиғат
- F) Достық

29. С. Көбеевтің «Қалың мал» романындағы кейіпкерлер

- A) Жамал
- B) Итбай
- C) Ғали
- D) Қожаш
- E) Жұман
- F) Тұрлығыл
- G) Сәрсенбай

30. М. Мағауиннің «Бір атаның балалары» әңгімесінің тақырыптары

- A) Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ ауылының өмірі
- B) Жер дауы
- C) Туыстық, достық қатынастар
- D) Жетім балалар тағдыры
- E) Әйелдің бас бостандығы
- F) Отбасы тәрбиесі
- G) Бауырмалдық, адамгершілік
- H) Еңбек, шаруашылық

Жаздаяттық тапсырмалар
1-жаздаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма



Балаға деген ана махаббаты «Бесік жырлары» арқылы берілген. Ана бөбегін бесікке бөлерде ең алдымен бесік жырын айтады. Үнемі өлең-жырмен әлдилеп жауыздық атаулыдан сақтандырады.

31. Баланың ұйқысы тыныш болу үшін бесіктің бас жағына қойылатын зат
- A) Гүл мен ағаш
 - B) Кітап пен қалам
 - C) Үкі мен ине
 - D) Айна мен тарақ
 - E) Сіріңке мен пышақ
32. Бесікке байланысты тыйым сөз
- A) Ел іші – алтын бесік
 - B) Білімді бесіктен төсекке дейін ізден
 - C) Бос бесікті тербетпе
 - D) Бесік сәбиді сырттан келген тіл көзден сақтайды
 - E) Бесік көрмеген ессіз болып есікке енеді
33. Суретке қатысты тұрмыс-салт жырының түрі
- A) Тұсау кесу
 - B) Бесік жыры
 - C) Ат қою
 - D) Атастыру
 - E) Сырға салу
34. «Жөргек» сөзінің мағынасы
- A) Бесік жабдықтарының үстінен ұзына бойы жайылатын ши төсеніш
 - B) Бесік енімен бірдей етіп жасалатын жастық
 - C) Жұқа матадан тігілетін көрпе
 - D) Шидің үстіне төселетін, жүн салынып сырылған көрпеше
 - E) Сәбидің денесін орайтын жұмсақ шүберек
35. Өлеңді жалғастыр
- Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем.
- A) Темір тостақ киген соң,
Басым содан жалпақ.
 - B) Жылама бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін.
 - C) Қадамыңа қарайық,
Басқаныңды санайық.
 - D) Қаз, қаз балам, қаз балам,
Қадам бассаң мәз болам.
 - E) «А» дейді «Б» дейді,
Р-ға тілі келмейді.

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма



36. Суреттегі ертегінің түрі

- A) Қиял-ғажайып
- B) Тұрмыс-салт
- C) Хайуанаттар
- D) Әдеби
- E) Тарихи

37. Түлкіге сипаттама

- A) Момын
- B) Пысық
- C) Аңқау
- D) Қу
- E) Арам

38. Суреттегі ертегінің атауы

- A) «Түлкі мен қырғауыл»
- B) «Қу түлкі»
- C) «Түлкі мен тырна»
- D) «Айлакер түлкі»
- E) «Сауысқан мен түлкі»

39. Түлкі туралы жұмбақ

- A) Айлалы түлкі алдырмас
- B) Түлкі жатарында жер таңдамайды
- C) Түлкінің алдағанынан, арыстанның талағаны артық
- D) Өзі ширақ, өзі қу, жүрген жері айқай-шу
- E) Түлкіні түн асырайды

0001 - нұсқа

40. Түлкінің баласы

- A) Балапан
- B) Мыршай
- C) Бөлтірік
- D) Көгілдір
- E) Марғау

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.